

Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектеп



Ж.Жабаев атындағы №234 мектеп

Ж.К.Уразбаева

31-тамыз 2023 ж

«Тарихи ғылымдар әлемінде»

Сыныбы: 5

Пәні: Тарих

Пән мұғалімі: Абдрасулниева А.Д

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Мектептің оқу бағдарламасында палеография, нумизматика, сфрагистика, хронология, геральдика, метрология, археология және басқалары сияқты қосалқы тарихи пәндерді оқытуға жеткілікті көңіл бөлінбейді. Сондықтан, жоғарыда аталған қосымша тарихи пәндер туралы оқушылар мүлде естімегенде болар, білседе жалпылама біледі.

Заманауи оқушылардың назарын аудару үшін, алдымен оларды таңқалдырып, қызықтыру керек. Бұл оңай емес. Ол үшін мұғалім әр оқушыға өзінің тарихқа қатыстылығын сезінуге көмектесуі керек. Менің ойымша, бұған қосымша тарихи пәндер көмектесе алады. Бұл ғылымдар пән мұғаліміне көмекші болып қана қоймайды, олар әдеттегі әлемнің мәдени құбылыстарын жаңаша көруге, тарихты тереңірек түсінуге және оқушыларды қызықтырып, баурап алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосалқы тарихи ғылымдар тарихтың деологиялық шайқастар мен саясаттанған түсіндірулер үшін арналған кеңістік емес, нақтылы ғылымға айналдырады. Соңғы жылдары тарихты оқытудың тиімділігін едәуір арттыра алатын әдістер мен технологияларды белсенді іздеумен ерекшеленді. Қазір бұған факультатив сабақтары мен таңдау курстары және элективті курстар үлкен рөл атқарады.

Сонымен, көмекші тарихи пәндер оқушыларды тарих пәнін жоғары қызығушылықпен оқуға, тарихи -мәдени ғажайыптармен танысуға, өткенге, біздің күнделікті өмірімізге енген ұлы мәдени мұраға деген құрметпен қарауды тәрбиелеп, мәдени мұраны бағалауға үйретеді.

Ұсынылып отырған бағдарлама 34 сағаты 5- сыныпқа арналса, 6-шы сыныпта жалғастыруға мүмкіндік береді. Сондай -ақ, бағдарлама мазмұны оқушылар тарапынан дайын пассивті білім алуға емес, мұғаліммен оқушының өзара шығармашылық байланыста жұмыстануды көздейді. Өйткені, бағдарлама мазмұны теория мен практиканың ұштастыруын көздеген.

Үйірменің мақсаты: Оқушыларды тарих пәнін оқуға көмектесетін негізгі қосалқы ғылыми пәндердің мәні мен мазмұнымен таныстырып, аталған ғылымдардың тарихты зерттеудегі ролін анықтау және осы көмекші тарихи пәндерді оқу арқылы оқушылардың гуманитарлық білімдерін толықтыру.

Міндеттері:

- Тарихты зерттеуге көмектесетін қосалқы тарихи пәндердің маңыздылығын түсіндіру;
- Көмекші тарихи пәндерді оқыту арқылы оқушыларға қосымша білім беру;
- Көмекші тарихи пәндерді оқу барысында алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыру арқылы гуманитарлық біліктілік және білімділік дағдыларын дамыту;
- Пән бойынша білімдерін толтырып, тарих пәніне деген оқушылардың қызығушылығын арттыру;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сын тұрғысынан талдауға баулу;
- Отансүйгіштікке тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- Тарих пәнін оқуға оқушылардың қызығушылықтары артады;

- Көмекші тарихи пәндер туралы түсініктері қалыптасып, тарихты оқуда қосалқы пәндердің маңыздылығын түсінеді;
- Алған теориялық білімдерін практикада қолданады, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Дүниетанымдық қозғарастары қалыптасып, гуманитарлық білімдерін толықтырады;

Негізгі білім және дағды:

- Нақты қосалқы тарихи пәндердің мақсатымен танысу;
- Әр қосалқы тарихи пән туралы толық мағлұмат алып, сараптама жұмысын жүргізу;
- Сабақтарда алған теориялық білімдерін шығармашылық жұмысты жасау барысында тиімді қолдану. Мысалы: плакат шығару, шежіре бәйтерегін жасау, сұхбат алу т.б.;
- Өздігінен зерттеу, тарихи материалдарды жинақтау, шығармашылықпен айналысу;

Әдістемелік жұмыстың әдіс – тәсілдері:

- кері байланыс арқылы өтетін дәріс;
- әңгімелесу;
- топтық жұмыс, постер қорғау, сұхбат алу т.б.

Оқушылардың алған білімдерін бекіту үшін және білімділік іс – әрекетін нақтылау үшін келесі жұмыс түрлері өткізіледі:

- жоба қорғау;
- мұражайға бару;
- «Мен уақыт сызығында» плакатын шығару ;
- Менің шежірем. «Жеті ата» - генеологиялық ағашын жасау;
- көрме ұйымдастыру;
- сұхбат алу;

Көмекші тарихи пәндерді оқу арқылы тарихи білімдерін толықтыруға, бұрыннан белгілі тарихи оқиғаларды зерделеуге оңай жолын табуға болады.

Ұсынылып отырған курс бағдарламасында 5 сынып оқушылары археология, тарихи хронология, генеология, палеография және этнография ғылымдарының мәні мен мазмұнын анып, тарихты зерттеудегі ролін анықтап, зерделейді. Ал, 6-шы сыныпта хронология, ономастика, метрология, нумизматика, сфрагистика, геральдика т.б. ғылыми түсініктермен танысып, айтылғандай тарихты зерттеудегі ролін анықтап, әр ғылыми пәндердің мәні мен мазмұнын ажырата біледі. Сондай – ақ, аталған көмекші тарихи пәндерді оқу арқылы қазақ халқының тарихын, салт – дәстүрлерін, уақыт өлшеуін, шежіресімен т.б. құндылықтарымен танысып, өз халқына, Отанына сүйіспеншілік артады. Сонымен қатар, бағдарламаның мазмұнына сай өткізетін сабақтар арқылы мұғалім қазақ халқының менталитетін өскелең ұрпақтың санасына жеткізіп, дәріптеуге мүмкіндік алады.

5-сынып.
Аптасына 1 сағат, барлығы- 34 сағат

Үйірменің тақырыптық – күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Күні	Үйге тапсырма
1.	<i>Kіріспе</i>	1	20.1X	
I. Жер қоймасы және оның құпиялары				
2.	Археология түсінігі. Археологиялық зерттеудің әдістері.	1	22.1X	
3.	Археологиялық жәдігерлер тарихты зерттеуге қалай көмектеседі?	1	21.X	
4.	Қазақстанның археологиялық ескерткіштері	1	17.X	
5.	«Алтын адам» - ел казынасы	1	18.X	
6.	Мұражайға саяхат	1	23.X	
II.Тарихи хронология және уақытты есептеу жүйесі.				
7.	Уақыт өлшеу бірлігі деген не?	1	8.XI	
8.	Күнтізбе түрлері	1	15.XI	
9.	Дәуірлер мен замандар	1	22.XI	
10.	Хижра бойынша жыл санау	1	29.XI	
11.	Сағаттар тарихы	1	6.XII	
12.	«Мен уақыт сызығында» плакатын шығару (практикалық жұмыс)	1	13.XII	
III.Шежіре - тарихымыздың алтын діңгегі				
13.	Генеология – адамның шығу тегін зерттейтін ғылым	1	20.XII	
14.	Мен қай рудан шықтым? Қазақ руларының шежіресі.	1	27.XII	
15.	Менің атымның құпиясы.	1	10.I	
16.	Туысқанқандар – алыс кетіп, араны суытпандар...	1	17.I	
17.	Отбасылық дәстүрлер – тәрбие негізі.	1	24.I	
18.	Менің отбасымнан шыққан атақтылар	1	31.I	
19.	Менің шежірем. «Жеті ата» - генеологиялық ағашын жасау (практикалық жұмыс)	1	7.II	
IV.Көне қолжазбалар әлемінде.				
20.	Палеография түсінігімен танысу. Көне жазулардың құпиялары.	1	14.II	
21.	Египет иероглифтері қандай сыр шертеді?	1	21.II	
22.	Сына жазуының құпиясы	1	28.II	
23.	Араб жазуы – ислам өркениетінің негізі	1	6.III	
24.	Түрік тарихын танытқан руна жазуы.	1	13.III	
25.	Қазақ әліпбиі тарихынан (зерттеу жұмысы)	1	20.III	
V. Этнография – халық мұрасын зерттеу ғылымы				
26.	Этнография түсінігімен танысу.	1	3.IV	
27.	Қазақ халқының шығу тарихы	1	10.IV	
28.	Қазақ халқының ұлттық киімінің ерекшеліктері	1	17.IV	
29.	Қазақтың аңыз – әңгімелер әлемі	1	24.IV	
30.	Салт – дәстүрлер – халқымыздың қазынасы.	1	1.V	
31.	Қазақтың тұрмыс – тіршілігі;	1	15.V	
32.	1. Атқа мініс өнері 2.Ата –кәсіп тағайыны	1		
33.	«Ақылды көрія жазып қойған хатпен тең». Сұхбат (практикалық жұмыс)	1	22.V	
34.	Үйірме бойынша қорытындылау	1		

Үйірмеге қатысатын 5 сынып оқушыларының тізімі.

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
1	Әзен Жансел	5а
2	Құттыбай Жанәділ	5а
3	Тәттібай Нұрайым	5а
4	Ұлғара Нұрислам	5а
5	Мубарак Аружан	5а
6	Ашықбай Айару	5а
7	Аққали Аян	5в
8	Бақытжан Нұржігіт	5в
9	Болат Ботагөз	5в
10	Даянқызы Дамира	5в
11	Кемалаш Нұрислам	5в
12	Мұхтарұлы Асылхан	5а
13	Қолқанат Мирас	5в
14	Қуантханқызы Гүлсезім	5в
15	Нүркенқызы Айша	5в
16	Сабыржанұлы Әбілмансұр	5в
17	Тұрар Асылхан	5в
18	Шамшадин Дидар	5в
19	Құттыбай Гүлназым	5в
20	Болат Нұрсая	5в

Үйірме жетекшісі:

Абдрасулсена А

p/c	Оқушының аты-жөні	Қыркүйек				Қазан				Қараша			
		20	22	23	24	28	29	30	31	22	29		
1	Өзен Жансеп	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
2	Құттыбай Жанәділ	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+		
3	Мұхтарұлы Асылхан	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+		
4	Төттібай Нұрайым	+	+	+	+	-	+	-	+	+	+		
5	Ұлғара Нұрислам	+	+	+	+	+	-	+	+	-	+		
6	Мұбарак Аружан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
7	Ашықбай Айару	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
8	Аққали Аян	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+		
9	Бахытжан Нұржігіт	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
10	Болат Ботагөз	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+		
11	Даянқызы Дамира	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
12	Кемалаш Нұрислам	+	+	+	-	+	+	+	-	+	+		
13	Қолғанат Мирас	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
14	Қуантқанқызы Гүлсезім	+	+	+	+	-	+	+	+	+	+		
15	Нұркенқызы Айша	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
16	Сабыржанұлы Абілмансұр	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
17	Тұрар Асылхан	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
18	Шамшадин Дидар	+	+	+	+	-	+	-	+	+	+		
19	Құттыбай Гүлназым	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+		
20	Болат Нұрсая	+	-	+	+	+	+	+	-	+	+		

[illegible]

p/c	Оқушының аты-жөні	Наурыз				Сәуір				Мамыр			
		6	13	20		3	10	17	24	8	15	22	
1	Өзен Жансел	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
2	Құттыбай Жанаділ	+	+	-		+	+	+	+	+	-	+	
3	Мұхтарұлы Асылхан	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
4	Төттібай Нұрайым	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
5	Ұлғара Нұрислам	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
6	Мұбарак Аружан	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
7	Ашықбай Айару	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
8	Аққали Аян	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
9	Бахытжан Нұржігіт	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
10	Болат Ботагез	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
11	Даянқызы Дамира	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
12	Кемелаш Нұрислам	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
13	Қолғанат Мирас	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
14	Қуантқанқызы Гүлсезім	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
15	Нүркенқызы Айша	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
16	Сабыржанұлы Абілмансұр	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
17	Тұрар Асылхан	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
18	Шәмшәдин Дидар	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
19	Құттыбай Гүлназым	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	
20	Болат Нұрсая	+	+	+		+	+	+	+	+	+	+	

Үйірменің мазмұны мен құрылымы

1. Кіріспе сабағы.

I тарау. Жер қоймасы және оның құпиялары (5 сағат)

1. Археология түсінігі. Археологиялық зерттеудің әдістері.
2. Археологиялық жәдігерлер тарихты зерттеуге қалай көмектеседі?
3. Қазақстанның археологиялық ескерткіштері.
4. «Алтын адам» - ел қазынасы
5. Мұражайға саяхат (өлкетану мұражайына)

II тарау. Тарихи хронология және уақытты есептеу жүйесі (6 сағат)

1. Уақыт өлшеу бірлігі деген не?
2. Күнтізбе түрлері
3. Дәуірлер мен замандар
4. Хижра бойынша жыл санау
5. Сағаттар тарихы
6. «Мен уақыт сызығында» плакатын шығару (практикалық жұмыс)

III тарау. Шежіре - тарихымыздың алтын діңгегі (7 сағат)

1. Генеология – адамның шығу тегін зерттейтін ғылым.
2. Мен қай рудан шықтым? Қазақ руларының шежіресі.
3. Менің атымның құпиясы.
4. Туысқанқандар – алыс кетіп, араны суытпандар...
5. Отбасылық дәстүрлер – тәрбие негізі.
6. Менің отбасымнан шыққан атақтылар.
7. Менің шежірем. «Жеті ата» - генеологиялық ағашын жасау (практикалық жұмыс)

IV тарау. Көне қолжазбалар әлемінде (6 сағат)

1. Палеография түсінігімен танысу. Көне жазулардың құпиялары.
2. Египет иероглифтері қандай сыр шертеді?
3. Сына жазуының құпиясы.
4. Араб жазуы – ислам өркениетінің негізі.
5. Түрік тарихын танытқан руна жазуы.
6. Қазақ әліпбиі тарихынан (зерттеу жұмысы)

V тарау. Этнография – халық мұрасын зерттеу ғылымы (8 сағат)

1. Этнография түсінігімен танысу.
2. Қазақ халқының шығу тарихы.
3. Қазақ халқының ұлттық киімінің ерекшеліктері.
4. Қазақтың аңыз – әңгімелер әлемі.

5. Салт – дәстүрлер – халқымның қазынасы.

6. Қазақтың тұрмыс – тіршілігі:

1. Атка мініс өнері

2. Ата – кәсіп ғажайыбы

7. «Ақылды кәрія жазып қойған хатпен тең». Сұхбат (практикалық жұмыс)

Соңғы сабақ қорытындылауға арналады.

Жалпы 5-сыныпта бағдарламада берілген әрбір тарихи көмекші пән өзінің мақсат-міндеттерін атқара отырып, оқушылардың дүниетанымдық білім қорларын толтыруға негізделген. Мысалы, археология ұғымымен таныса отырып, аталған ғылымның тарихты зерттеудегі заттай деректердің ролін анықтауға үйрене отырып,

оқушы археологиялық жәдігерлер тарихты зерттеуге қалай көмектеседі екенін түсінеді және өз Отанымыздың құнды археологиялық жәдігерлерінің құндылығын бағалауға үйренеді. Теориялық білімдерін мұражайға барғанда бекітеді. Сонда археология туралы оқушыда толық түсінік қалыптасып, аталған ғылымның тарихты зерттеудегі ролі анықталады.

Тарихи хронология және уақыт есептеу жүйесімен таныса отырып, оқушылар күнтізбе түрлерімен танысып, дәуірлер мен замандарды ажыратуды үйренеді. Сондай-ақ, хижра бойынша жыл санау әдісімен танысып, қазақ халқының өмірінде кездесетін жыл санау жүйесімен танысады. Алған теориялық білімдерін, «Мен уақыт сызығында» плакат жасау практикалық жұмысында бекітеді.

Генеология ғылыммен танысу барысында оқушылар қазақтың шежіресімен таныса отырып, өз отбасының шығу тегін біледі және өзінің атының шығу тарихын зерттеп, қазақ халқының туыскандар арасындағы тамырлық байланыстарын анықтап, нағашы жұрт, қайын жұрт, өз жұртым деген ұғымдардың мәні мен мазмұнын талдайды. Сонымен қатар, «нағашы», «өкпе», «бөле», «бажа», «кенге», «қайнаға», «қайынбике» т.б. ұғымдармен танысады. Бұл ғылыми теорияны практикалық жұмыста – «Менің шежірем» - генеологиялық ағашын жасау мен аяқтайды.

Палеография түсінігінің мазмұнын аша отырып, көне жазулардың құпияларымен танысады. Ежелгі Египет жазуымен сына жазуы, ежелгі түріктердің руна жазуы мен араб жазуының тарихымен танысып, өздерінің эрудицияларын толтырып, аталған жазулардың тарихи маңызын анықтайды. Практикалық жұмыста қазақтың әліпби тарихын зерттеп, жоба қорғайды.

Этнография ғылымымен танысу барысында қазақ халқының тұрмыс – тіршілігімен танысып, ерекшелігін түсіне біледі. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің өзі толған қазына екеніне көздері жетіп, қазақтың аңыз – әңгімелер әлемінің ғажайыптарымен танысып, қазақтың салт – дәстүрлерінің құндылығын бағалай біледі. Табиғи – климаттық жағдайға бейімделген ата кәсіптің тиімділігі мен қиындығын талдай отырып, қазақ халқы мал шаруашығынан алған өнімдерін тиімді және ысырапсыз пайдаланғанымен танысады. Қариялардан сұхбат алу арқылы өздерінің теориялық білімдерін бекітіп, қорытындылайды.

Археология түсінігі мен әдістері


Көне заманда адамдар жерден еңбек құралдарға ұқсайтын заттар табатын оларды құдай жасаған құралдар деп есептейтін. Бірақ, ғалымдар бұл заттарды адамдар жасағанынын дәлелдеп, оларды еңбек құралдар есебінде пайдаланғанын көрсетті. Көне заттарды зерттеп адамзат тарихын зерттеуге мүмкіндік ашты. Осыны дәлелдегесін және зерттеу әдісін тапқан соң археология ғалым ретінде қалыптасты "Археология" термині екі грек сөзінен тұрады: архайос-көне және логос – ғалым. Ең алғашқы бұл терминді қолданған Платон болатын. Бұл терминді Платон «көне заттар туралы ғылым» деп түсінетін. Кейіннен, XVIII ғасырда, археология деп антикалық өнер тарихын атайтын. Тек қана біздің дәуірде кезіргі археологияның мағынасы қалыптасады.

Негізгі тарихи пәндердің арасына археология да кіреді. Бұл ғылым адамзаттың тарихын жан-жақты қамтиды. Қалған ғалымдарға қарағанда, археология, адамзаттың тарихын, адамның пайда болғанын, қоғамдық сана сезімнің шығуын, толығырақ зерттейді. Біздің уақытқа дейін көне дәуірлерден қалған жазба деректер өте аз сақталған. Заттай деректерді бәрі де жерде кездеседі. Заттай деректерді зерттеу әдістері жазба деректерде зерттейтін әдістерден өзгеше болып келеді. Осыны дәлелдегесін ғана, археология негізі тарихи ғылымдардың біреуі болып есептеле бастады. Археология-тарих ғылымының негізгі бір саласы, негізінде заттай деректерді зерттеу арқылы, адамзат тарихының дамуын және осы дамуын және дамуының заңдылықтарын зерттейді. Археологияны күрек пен бірге жүретін ғылым деп атайды.

Археологиялық ескерткіш-жан-жақты қамтитын түсінік. Олардың қатарына тұрғын үйлердің қалдықтары, зираттар, оттың іздері жатады. Археологиялық ескерткіштер көп және әр-түрлі болып келеді. Археология - адамзаттың материалдық мәдениетін зерттейді. Яғни, адамның іс-әрекетінің негізінде пайда болған барлық нәрселерді. Оның бәрін атап өтуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан археологтар деректерді негізі түрлерге бөлген. Археологиялық деректер барлық жерде табылмайды. Олар негізінде адамдар қоныстанған жерлерде, немесе адамдардың іс-әрекетіне байланысты жерлерде табылады. Ондай жерлер көп емес. Олардың негізі түрлері: тұрақтар, қалашықтар, қорымдар, қоныстар, шеберхана, рудниктер, архитектуралық құрылыстар, тасқа салған суреттер және т.б. Археологияда тұрақ деп тас және қола дәуірінің уақытша қоныстарын







Қазақстанның археологиялық тарихи-мәдени ескерткіштері

Ежелгі тарихқа қатысты материалдық мәдениет ескерткіштерінің бірі - археологиялық ескерткіштер. Оған: қалашықтар мен қалалар; ежелгі қоныстардың қалдықтары; обалар, қабір үстіне орнатылған ескерткіштер мен салт-дәстүрлік құрылыстар; адамның еңбек қызметін сипаттайтын ескерткіштер; тасқа және үңгірде қашалған жазулар; табылған жекелеген қазбалардың орындары жатады.

Археология (ол гректің *archaios* – ескі, *logos* – ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы 4 ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді.

15 – 16 ғасырларда Италияда ежелгі сәулет өнерінің мұраларын іздеуге, 18 – 19 ғасырларда Қосөзен бойында көне мәдени мұраларды зерттеуге бағытталған қазба жұмыстары жүзеге асырылды. 19 ғасырдың 1-жартысында Ресейде Қара теңіз жағалауындағы көне грек қалаларының қалдықтары мен скиф обаларын жүйелі түрде зерттеу басталды.

Ескі Отырар қаласы

Қазақстан мен Орта Азияда археологиялық зерттеулер 19 ғасырдың 70-жылдарында бастау алды және олар Василий Радлов, Николай Веселовский, Петр Лерх, Василий Бартольд есімдерімен байланысты. 1920 – 30 ж. Әлкей Марғұлан, Сергей Руденко, Александр Бернштам, т. б. басқарған экспедициялар Қазақстан жерінде күрделі археологиялық барлау, қазба жұмыстарын жүргізді. 1946 ж. Қазақстан Ғылым академиясының құрамында тарих, археологиялық және этнографиялық институты, ал 1991 ж. археология бөлімі негізінде жеке Археология институты (1973 жылдан археология мұражайы жұмыс істеді) құрылды. Ол республикадағы археологиялық зерттеулердің орталығына айналды. Орталық Қазақстанда қола дәуіріне жататын Бетпақ, Ұлытау,

Қазақстан археологиясы

Кең-байтақ Қазақстан даласында 4970-ке жуық археологиялық ескерткіш мемлекеттік есепте тұр. Орта ғасырлар кезеңінде тарихшылар мен географтар, саяхатшылар, ғалымдар ескі қоныстар мен қалалардың орны туралы мәліметтер қалдырған.

1707 жылы жарық көрген С.Ремезовтің «Сібір картасында» қазақ даласындағы археологиялық ескерткіштер туралы жазылған. 1733 жылы Г.Ф.Миллер бастаған бірінші академиялық экспедиция қазақ жерінде жұмыс істеді. 1774 жылғы жарық көрген П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде ертедегі кеніштердің орны туралы мәліметтер бар. Бұл кездегі зерттеулер ғылыми негізде жүргізілмей, тек қана кездейсоқ табылған жәдігерлерді жинаумен айналысты.

Ресейдегі археологиялық зерттеулердің кеңеюі Қазақстандағы көне ескерткіштерді ғылыми түрде зерттеуді қажет етті. Атақты қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов өз қолжазбаларында ортағасырлық Талғар, Шеңгелді қалалары туралы кескіндеме қалдырған. Орыс шығыстанушысы В.Радлов Шығыс Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді бірінші рет тарихи кезеңдерге бөлді. Оның еңбектері Қазақстан археологиясының дамуында үлкен қадам болды. 1867 жылы ресейлік Археологиялық комиссияның шешімімен орыс шығыстанушысы П.Лерх Түркістан өлкесін зерттеуге кірісті. Сауран, Сығанақ, Тараз қалаларының жоспарын картаға түсіріп, Жаңакент қаласындағы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Ол ортағасырлық қалаларды зерттеудің ғылыми негізін қалады.

1862 жылдан бастап В.Радлов Шығыс Қазақстан жерінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстандағы археологияның дамуына 1893-1894 жылдардағы белгілі ғалым В.Бартольдтың Орта Азияға барған ғылыми сапары негіз болды. Оның ғылыми еңбегі әлі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. 1895 жылы академик В.Бартольд Ташкент қаласында алғашқы археологтар үйірмесін ашты. Осы үйірме мүшелері В.Кларе мен А.Черкасов 1904 жылы Отырар қаласында қазба жұмыстарын жүргізді. 1920 жылы Түркістан мәдени ескерткіштерді қорғау және мұражайлар комитеті ашылды. Комитеттің негізгі міндеті тарих ғылымының үлкен бір саласы – археологияны дамытуды қолға алу болды. Сайран, Тараз қалаларында археологиялық зерттеулер жүргізіліп, М.Массоның Түркістан туралы алғашқы ғылыми еңбектері жарық көрді. XX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстан жерінде М.Грязнов, И.Синицын, С.Черников, О.Кривцова-Гракова бастаған экспедициялар республиканың орталық және шығыс аудандарында жұмыс істеді. 1936-1940 жылдар – А.Бернштам бастаған археологиялық зерттеулер ғылыми жағынан өте құнды болды. Экспедиция Оңтүстік Қазақстан, Жетісу жеріндегі сақ дәуірінен соңғы орта ғасырлардағы ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізді.

Сағаттардың шығу тарихы

Кейде адамдар сағаттарды ойлап таппағанда бүгінгідей реттілікке қалай жететін едік деп ойлаймын. Сағаттардың арқасында уақытты реттеп үйрендік. Дүниедегі тәртіп пайда болды. Бұрын ауылда сақманда жүргенде, қарнымыз ашқанда немесе үйге қайтқымыз келген кезде уақытты жерге домалақ сызып, ортасына ши қойып есептейтінбіз. Дал уақытты анықтамасақ та шамалайтынбыз. Бұлайша есептеу адам генінің кодына тұмай жатып жазылып қоятын сияқты. Себебі осыдан үш жарым мың жыл алдыңғы, алғашқы сағаттар осы күнгідей сағат болыпты. Қазақ уақытты өзінше есептеген, көзді-ашып жұмғанша шамамен 1 секунд, сүт пісірім уақыт – 15 минут, бие сауым уақыт – 1 сағат, сәске түс, ұлы түс т.б. Түнде уақытты жұлдыздарға қарап, әтештің шақырған кезімен анықтаған. Назарларларыңызға сағаттың шығу тарихы мен түрлерін ұсынамыз.

Күн сағаты – Гномон

3,5 мың жыл бұрын Вавилондықтар күн сағаты – Гномонды қолданысқа енгізді. Қиғаш шеңбер тас ортасына жіңішке ағашты орнату арқылы уақытты біліп отырды. Бірақ күн сағатының кемшілігі уақытты Вавилондықтар тек, күндіз ғана есептеді, оған бұлтты күндері күннің болмай қалуындағы қиындықтарды қосыңыз.

От сағаты

От сағаты ежелгі қытайда пайда болды. От сағат ауа райы және күнге тәуелсіз болғандықтан күн сағатына қарағанда біраз қолайлы еді. Тіпті қытайлықтар от сағатын оятқыш ретінде де пайдаланған. Шамның межеленген жеріне темір шарларды жіппен байлап қоятын болған. Белгіленген жеріне дейін жанып келген шаммен бірге жіп те өртеніп, темір шар төмендегі темір ыдысқа түсіп, қатты дыбыс беретін болған екен.

Су сағаты – Клепсидра

Алғашқы су сағаттарының отаны – Египет. Александрия қаласында су сағаттар жасайтын өнеркәсіп өте жақсы дамыған. Су сағатын – Клепсидра яғни су ұрлаушы деп атаған. Су сағаты күн сағатынан қолайлы, от сағатынан да уақытты дәлірек көрсететін болған. Механизмі қарапайым, бір ыдыстағы су екінші ыдысқа ақырындап құйылып отырған.

Құм сағаты

Құм сағаты туралы алғашқы деректер Париж қаласынан табылды. Құм сағатты теңізде де көп пайдаланған. 30 секундтық кемең жылдамдығын білдіретін не 4 сағаттық бір вахтаның уақытын білдіретін құм сағаттар жиірек қолданылған. Еуропада құм сағаттар 3 сағат не 1 сағаттық уақытты көрсететін болыпты. Қазіргі күнде құм сағаттар медицинада кейбір дәрігерлік рәсімдерді өткізу үшін ғана пайдаланады. Құм сағаттарды сувенир ретінде де сатып алуыңызға болады.

Мұнара сағаты

Алғашқы механикалық сағаттар XIV ғасырда пайда бола бастады. 1404 жылы алғаш рет Мәскеудегі мұнараға сағат қойылды. Арада 1 ғасыр өтіп механикалық сағаттар жаппай сатылымға шыға бастады. Голландиялық ғалым Х.Гюйгенс 1657 маятникті ойлап тапты, мұнымен уақыттың дәлдігі арта түсті.

Электронды сағаттар

Алғаш электронды сағаттар деген сөз 1952 жылы газет беттерінде бой көрсете бастайды. Француздың «Лип-Безансон» (Lear Besancon) және америкалық «Elgin Watch Company» фирмалары электронды сағат шығарамыз деп баспасөз беттерінде әлемнен сүйінші сұрайды. Бірақ, алғашқы электронды сағаттарды арада жеті жыл өткенде «Гамильтон» (Hamilton) атты фирма шығара бастады.

